

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған  
немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен  
жәрдемдесетін адамдарды көтермелеген қағидаларын бекіту туралы**  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131  
қаулысы.

**2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заны 24-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеген қағидаларын бекітілсін.

2. "Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарды көтермелеген қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1077 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 67, 955-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2015 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 1131 қаулысымен  
бекітілген

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеген қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 04.02.2020 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеген қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заны 24-бабының 3-тармағына сәйкес өзірленді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеген тәртібін айқындайды.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін

адамдарға біржолғы ақшалай сыйақы түрінде жүзеге асырылатын көтермеледі белгіленеді.

Параның немесе келтірілген залалдың сомасы не ұсынылған женілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайтын немесе залалы жоқ сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерде белгіленеді:

1) сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;

2) онша ауыр емес сыйайлар жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;

3) ауырлығы орташа сыйайлар жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;

4) ауыр сыйайлар жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;

5) аса ауыр сыйайлар жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Пара немесе келтірілген залал сомасы немесе ұсынылған женілдіктер немесе көрсетілген қызметтер құны бір мың АЕК асатын сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара немесе келтірілген залал немесе ұсынылған женілдіктер немесе көрсетілген қызметтер сомасының он пайызын құрайды, бірақ төрт мың АЕК-тен аспайды.

Осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдайларда грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау түріндегі көтермеледілер белгіленуі мүмкін.

Көтермеледі мөлшерін айқындау кезінде осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген актілер күшине енген күні қолданыстағы айлық есептік көрсеткіш қолданылады.

3. Көтермеледі қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

2-тарау. Көтермеледің шарттары, негіздері және тәртібі

4. Сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жәрдемдесу:

1) сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) кейіннен сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу үшін маңызы болған өзге де жолмен жәрдемдесуін қамтиды.

5. Көтермеледі адам берген ақпарат шындыққа сәйкес болса не егер адамның сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесу сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге ықпал еткен болса және айыпты адамға қатысты:

1) әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы занды күшине енген;

2) айыптау үкімі занды күшине енген;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларының немесе 36-бабының негізінде соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысы заңды күшіне енген, қылмыстық қудалау органдының қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысын прокурор бекіткен жағдайда ғана жүзеге асырылады.

6. Егер сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамның ақпараты негізінде:

1) ауырлығы әртүрлі дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу олардың анағұрлым ауыры үшін осы Қағидалардың 2-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады;

2) ауырлығы бірдей дәрежедегі бірнеше қылмыс анықталса, біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу бір рет жүзеге асырылады.

7. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) және "Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 22-бабының 2-тармағында көрсетілген органдар (бұдан әрі – сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдар) көтермелеге құқығы бар, сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адамдарға көтермелеге өтініш беру тәртібі туралы түсіндіреді.

8. Уәкілетті органға не сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдарға сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адам көтермелеге құқығы туындағаннан кейін, жәрдем көрсетілген органға көтермелеге туралы өтінішпен жүгінеді және осы Қағидалардың 9-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоса береді.

9. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген адам жүгінген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын орган уәкілетті органға мынадай құжаттарды жібереді:

1) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдың өтінішхаты;

2) ақпаратты есепке алу кітабында, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелген өтініштің, сондай-ақ адамның сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі бойынша ақпаратының немесе адамның сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге жәрдемдескенін растайтын өзге де құжаттардың көшірмесі;

3) әкімшілік істер бойынша:

әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау туралы қаулының көшірмесі;

заңды күшіне енген әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысының көшірмесі;

4) қылмыстық істер бойынша:

занды күшіне енген айыптау үкімінің не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының бірінші бөлігінің негізінде қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмесі;

5) біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу үшін адамның жеке басын куәландыратын құжаттының көшірмесі және жеке немесе өзге шотының банктік деректемелері қамтылуы тиіс.

10. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 8 немесе 9-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын әрі осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Құжаттардың пакеті толық ұсынылмаған, сондай-ақ сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдескен адам және (немесе) көтермелей үшін қажетті ұсынылған материалдар, объектілер, деректер мен мәліметтер осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган осы тармақта көрсетілген мерзімде өтінішті не сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның өтінішхатын қараудан негізді бас тартады.

Осы Қағидалардың 8 немесе 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қараудан бас тарту себептері жойылған жағдайда өтініш беруші не сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын орган осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта жүгінеді.

11. Осы Қағидалардың 8 немесе 9-тармағына сәйкес қажетті материалдар мен ұсынылған құжаттар көтермелей туралы өтініш не сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның өтінішхаты келіп түскен сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей үәкілетті орган құратын Сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеге арналған материалдарды қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) отырысына шығарылады.

12. Комиссия көтермелей туралы өтініш не сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органның өтінішхаты келіп түскен сәттен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамды көтермелей туралы шешім қабылдайды не ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған жағдайда көтермеледен бас тартады.

13. Комиссия сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамды көтермелей туралы шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде үәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің

басшысы көтермелеу туралы бүйрық шығарады, ол біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу үшін негіз болып табылады.

14. Біржолғы ақшалай сыйақыны төлеу уәкілетті органның міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде адамның жеке не өзге шотына аудару жолымен жүргізіледі.

15. Біржолғы ақшалай сыйақыны төлеуден бас тартқан жағдайда сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдескен адам жәрдем көрсетілген органға тиісті өтініш береді.

Егер сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын орган көтермелеуге арналған материалдарды уәкілетті органға берген жағдайда осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өтініш уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшелері тиісінше уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесі басшысына адамды грамотамен марапаттау не оған алғыс жариялау туралы өтініш жасауы мүмкін.